ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 19 қыркүйек іс №4360-25-00-2/1974 Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Қ.М.Бержановтың,
сот отырысының хатшысы А.К.Сералиевтың қатысуымен мобильді бейнебайланыс құрылғысы арқылы ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды форматтағы азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Арман асуы» қоғамдық қоры

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
Талап қоюшының өкілдері Г.Аблаева, Р.Исмагулов, Қ.Құрашев,
Жауапкердің өкілдері Ә.Әлібек, Н.Байменов, С.Байділдаев,
Прокурор Л.Сырбайқызы

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2025 жылғы 21 мамырда талап қоюшы (Тапсырыс беруші) мен жауапкер (Өнім беруші) №49 санды көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу туралы шартын (бұдан әрі - Шарт) жасаған.

Шарттың 1.1, 2.1-тармақтарына және қосымшаларға сәйкес, жауапкер жалпы сомасы 282 995 357 теңгеге қазақтың асыл тұқымды ұлттық ит тұқымдарын сақтау және өсімін молайту саласында мемлекеттік әлеуметтік тапсырысты іске асыру бағытында қызметтер көрсетуге міндеттенген.

Шарттың қосымшасында бекітілген сатып алынатын қызметтердің техникалық ерекшелігіне сай Өнім беруші шарт тіркелген күннен кейін бес жұмыс күні ішінде өз құрамында кемінде 70 мемлекеттің ұлттық кинологиялық ұйымдарын мүше және/немесе серіктес ретінде біріктіретін халықаралық кинологиялық ұйыммен қолданыстағы шарт, сондай-ақ халықаралық кинологиялық ұйымның тиісті куәліктері немесе сертификаттарын, Астананың, республикалық маңызы бар қалалардың және облыстардың жартысынан астамының аумағында кинологиялық қызметті

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 26.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 28.10.2025, судья Елшібеков Б. Е., 31.10.2025
4360-25-3-1/2013

жүзеге асыратын кемінде 20 (жиырма) кинологиялық клубының құрамын растайтын құжаттарын және қазақы ит тұқымдары бойынша кемінде 10 ұлттық сарапшылармен (төрешілермен) жасалған шарттарын (өз құрамында кемінде 70 мемлекеттің ұлттық кинологиялық ұйымдарының мүшелері және/немесе серіктестері бар халықаралық кинологиялық ұйым танитын Сарапшы парағымен расталады) ұсынуға міндетті болған.

Шарт 2025 жылы 21 мамырында қазынашылық органында тіркелген.

Тиісінше, Өнім беруші аталған құжаттарды 2025 жылғы 29 мамырына дейін ұсынуға тиіс болған.

Алайда, жауапкер бұл міндетін орындамаған.

Жауапкер тарапы міндеттемелерін орындамауына байланысты талап қоюшымен шартты біржақты бұзу туралы хабарлама жолданып, шарт 10 шілде 2025 жылы бұзылған.

Жауапкер шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты талап қоюшы оны мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану және 12 178 800 теңге тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюмен сотқа жүгінген.

Жауапкер талап қоюға берген қарсы пікірінде талап қоюмен келіспей, жауапкер тарапы "Қансонар" аңшылардың қоғамдық бірлестіктері мен аңшылық шаруашылығы субъектілірінің республикалық қауымдастығымен меморандумға отырғанын, шарт талаптарын орындауға мүмкіндігі болғанын, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұраған.

Сот отырысында талап қоюшының өкілдері Г.Аблаева, Р.Исмагулов пен Қ.Құрашев талап қоюда көрсетілген уәждерін келтіріп, жауапкер шарт бойынша міндеттемелерін орындамағанын, шарт бұзылғанын, жауапкер техникалық ерекшелікке сай бес жұмыс күн ішінде құжаттарды ұсынбағанын, жауапкер конкурсқа қатысу барысында аталған талаптарды танысып, білгенін, техникалық ерекшелікте қазақы ит тұқымдарына байқаулар өткізу, сараптама жүргізу, иттердің шығу тегі туралы куәліктер беру, халықаралық көрмелерге қатысуы секілді жұмыстар көзделгенін, бірақтан аталған құжаттар болуы міндетті түрде талап етілгенін көрсетіп, соттан талап қоюды толығымен қанағаттандыруды сұрады.

Сот отырысында жауапкер өкілдері Ә.Әлібек, Н.Байменов пен С.Байділдаев талап қоюмен келіспей, өз түсініктерінде шарт талаптарын орындауға жұмыс жасағанын, талап қоюшы басшылығына барып, жұмыс жоспарын ұсынғанын, өздері «Қансонар» ұйымымен меморандумға отырғандарын, көрмелерге баруға және байқаулар ұйымдастыруға толық мүмкіндіктері болғанын, бірақтан талап қоюшы шарт талаптарын орындауға мүмкіндік бермегенін, бұл конкурс «Союз кинологов» деген қоғамдық ұйымға арналып жасалғанын, бірақтан өздерінің мекемесі ұтып кеткенін, құрамында кемінде 70 мемлекеттің ұлттық кинологиялық ұйымдарын мүше ретінде біріктіретін халықаралық кинологиялық ұйыммен қолданыстағы шарт ұсыну тек ғана «Союз кинологов» ұйымы ғана ұсына алатынын, ол халықаралық ұйымға әр елден тек ғана бір ұйым мүше

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 26.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 28.10.2025, судья Елшібеков Б. Е., 31.10.2025
4360-25-3-1/2013

бола алатынын, байқауға қатысу үшін ол ұйымға мүше болу міндетті емес екенін, талап қоюшы тарапы мемлекеттік сатып алу талаптарын бұзып, сатып алудың ережелерін бір мекемеге келтіріп жасағанын, талап қоюшы тарапы сотқа беру мерзімін өткізіп алғанын, жауапкер құжаттарды ұсыну уақыты 29 мамыр болса 30 күн ішінде талап қоюға тиіс болғанын, талап қою мерзімі өтіп кеткенін, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрады.

Іске қатысушы прокурор Л.Сырбайқызы талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыру туралы қорытынды берді.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Соттың 2025 жылғы 19 қыркүйектегі ұйғарымымен талап қоюдың тұрақсыздық айып сомасын өндіру бөлігі қараусыз қалдырылды.

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі –АК) 386-бабының 1-бөлігіне сәйкес, шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылса, осы Кодекстің 272-273 баптарына сәйкес, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал заңдарда немесе шартта көзделгеннен басқа реттерде міндеттемені орындаудан біржақты бас тартуға және оның шарттарын біржақты өзгертуге жол берілмейді.

АК-нің 349-бабының 1-бөлігіне сәйкес, міндеттемені орындамау, не тиісті дәрежеде орындамау (мезгілінде орындамау, тауарлар мен жұмыстарды толық орындамау, міндеттеме мазмұнында белгіленген басқа жағдайларды бұзып орындау) - тиісінше орындамау оның бұзылуы деп түсініледі.

«Мемлекеттік сатып алу туралы» 2024 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңының 8-бабының 4-тармағының 3),4)-тармақшаларына сәйкес, өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім берушілердің және өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді. Осы тармақтың бірінші бөлігінің 3) тармақшасында көрсетілген жағдайда тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көрсетілген жағдайда, тапсырыс беруші өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын және (немесе) шарттың талаптарын бұзу фактісі туралы өзіне мәлім болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей мұндай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті, бұған жиынтығында мынадай:1) өнім берушінің тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеуі;2) шарттық

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 26.09.2025
Заңды күшіне енген күні: 28.10.2025, судья Ешибеков Б. Е., 31.10.2025
4360-25-3-1/2013

міндеттемелерді орындау; 3) тапсырыс берушіге келтірілген залалдың болмауы талаптарын қанағаттандыратын жағдайлар қосылмайды.

Сот отырысында анықталғанындай жауапкер тарапы шарттың техникалық ерекшелігінде көзделген талаптарды орындамаған, атап айтқанда, шарт тіркелген күннен кейін бес жұмыс күні ішінде өз құрамында кемінде 70 мемлекеттің ұлттық кинологиялық ұйымдарын мүше және/немесе серіктес ретінде біріктіретін халықаралық кинологиялық ұйыммен қолданыстағы шартты, сондай-ақ халықаралық кинологиялық ұйымның тиісті куәліктері немесе сертификаттарын, Астананың, республикалық маңызы бар қалалардың және облыстардың жартысынан астамының аумағында кинологиялық қызметті жүзеге асыратын кемінде 20 (жиырма) кинологиялық клубының құрамын растайтын құжаттарын және қазақы ит тұқымдары бойынша кемінде 10 ұлттық сарапшылармен (төрешілермен) жасалған шарттарын ұсынбаған.

Бұл жағдай жауапкер тарапының шарт міндеттерін орындамағанын көрсетеді.

Аталған талаптар конкурс құжаттарында көрсетілген, жауапкер конкурсқа түсетін кезде ол талаптарды білген.

Көрсетілетін қызметтің ерекшелігіне сай аталған құжаттар болуы міндетті, ол құжаттарды ұсынбауы шарт бойынша басқа жұмыстардың орындалуына кедергі келтіреді.

Жауапкер тарапы талап қоюшының талап қою мерімін өткізіп алды деген уәж келтірген.

Талап қоюшы тарапы Заңның 8-бабының 4-тармағының 3)-тармақшасына сәйкес өздерімен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған өнім беруші бойынша тапсырыс беруші шарт бұзылған не шарттың қолданылу мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге міндетті екенін көрсетіп, жауапкер шартты орындамағанын, шарт 10 шілде 2025 жылы бұзылғанын, талап қою 31 шілде күні берілгенін, талап қою мерзімі өтіп кетпегенін көрсеткен.

Сот талап қоюшы тарапының уәждерімен келіседі.

Жауапкер шарт талаптарын мүлдем орындамаған болып табылады.Жауапкер тарапы қандай бір қызмет көрсетпеген, ол қызметті талап қоюшы тарапы қабылдап алмаған.

Тиісінше, талап қою мерзімі шарт бұзылған немесе шарттың мерзімі өткен күннен бастап отыз күн болып табылады.

Бұндай жағдайда сот жауапкер тарапының талап қою мерзімі өтіп кеткен деген уәжін сот негізсіз деп табады.

Сот отырысында жауапкер шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағандығын анықталды.

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 26.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 28.10.2025, судья Елшібеков Б. Е., 31.10.2025

Бұндай жағдайда сот жауапкерді мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп тануға толық негіз бар деген тұжырымға келеді.

Талап қоюшы осы талап қоюмен сотқа заңмен белгіленген мерзім ішінде 2025 жылғы 31 шілдеде жүгінген.

АПК-нің 117-бабына сәйкес, жауапкерден мемлекет кірісіне 1966 теңге мемлекеттік баж алым сомасы өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің «Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер «Арман асуы» қоғамдық қорына мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Арман асуы» қоғамдық қоры шарт бойынша міндеттемесін орындамауына байланысты мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Арман асуы» қоғамдық қорынан мемлекет пайдасына 1966(бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж алымы өндірілсін.

Шешімге наразы жақ шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Қызылорда облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына, АПК-нің 403, 404-баптарының талаптарын сақтай отырып, апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Қ.М.Бержанов**

Құжатқа қол қойылған: Бержанов К. М., 26.09.2025

Заңды күшіне енген күні: 28.10.2025, судья Елшібеков Б. Е., 31.10.2025

4360-25-3-1/2013